# 16 желтоқсан — Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні

*Тәуелсіздік бізге ұлттық, аймақтық және жаһандық өлшемде шексіз жауапкершілік жүгін артты. Сол себепті, Тәуелсіздік күні – баршамыз үшін, күллі қазақстандықтар мен әлемнің барлық қиырындағы достарымыз үшін ұлы мереке.*

**Н.Ә.НАЗАРБАЕВ**

ШЫНДЫҚҚА АПАРАТЫН БІРДЕН-БІР ЖОЛ - ҒЫЛЫМ ЖОЛЫ

Ясауи университеті

УНИВЕРСИТЕТ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ҮНІ

e-mail: a.yassaui@mail.ru

№18 (445) 15 ЖЕЛТОҚСАН 2017 ЖЫЛ

# ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ҰЛЫҚ МЕРЕКЕСІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!




## Kazakistan'in Geleceği Parlak ve Bağımsızlığının Sonsuz Olmasını Diliyorum!



Ortak tarihî ve kültürel değerlere sahip olduğumuz, dost, kardeş ve stratejik ortak Kazakistan Cumhuriyetinin Bağımsızlık Günü'nü en kalbî duygularımla tebrik ediyorum.

Kazakistan'ın bağımsızlığı, tarihten bugüne özgürce yaşayan bir ulusun kutlu zaferidir. Kazakistan'ın bağımsızlık sürecini başarıyla atlatması, şüphesiz sadece bölgesel barış ve istikrara değil küresel barış ve istikrara da büyük katkı sağlamıştır. Kazakistan'ı ilk tanıyan ülke olma şansına sahip olan Türkiye Cumhuriyeti de, bağımsızlığının ilk günlerinden itibaren, karşılıklı güven ve eşitlik temelinde, dost ve kardeş ülkenin yeşeren ümitlerinin sönmemesi ve uluslararası toplumla bütünleşmesi konusunda her türlü çabayı sarf etmiştir. Kazakistan'ın bütün başarılarının ardındaki en önemli isim hiç kuşkusuz, Kazakistan'ın siyasi yapısını inşa eden ve her zaman ülkesini, hem dünyada hem de bulunduğu bölgede önemli bir güç haline getirme çabasında olan Nursultan Nazarbayev olduğunu da belirtmek istiyorum.

Kazak halkının tarihindeki en önemli gün olan 16 Aralık Bağımsızlık Günü'nü başta Mütevelli Heyet Üyeleri olmak üzere üniversite ve şahsım adına kutluyor, Kazakistan'ın geleceğinin parlak ve bağımsızlığının sonsuz olmasını diliyorum.

**Prof. Dr. Musa YILDIZ**
**Mütevelli Heyet Başkanı**

## Қазақ даласындағы ең Ұлық мереке - Тәуелсіздік күні құтты болсын!



Құрметті оқытушы-профессорлар мен қызметкерлер! Қымбатты студенттер!

Сіздерді 16 желтоқсан - Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні мерекесімен құттықтаймын!

Көк байрағы желбіреген, ынтымағы мен бірлігі жарасқан егемен еліміздің еңсесі биік болғай. Қазақстанның тұрақты дамуы мен кемелденуі жолындағы еңбектеріңіз табысты болсын.

Халқымыздың ғасырлар бойы аңсаған Тәуелсіздікке ие болғанымызға биыл 26 жыл толып отыр. Бұл күн – ата-бабамыз аңсаған арманның жүзеге асқан, елімізге еркіндік сыйлаған Ұлы күн. Осындай маңызы бар тарихи думанда еліміздің туы асқақтап, келешегі көркейе берсін.

Біз қызмет етіп келе жатқан бүгінгі Ахмет Ясауи университеті Тәуелсіздіктің берген сыйы. Қазіргі таңда оқу орны еліміздің алдыңғы қатарлы білім ордасы болды. Бұл аз ғана уақыт бедерінде қол жеткен жетістіктер. Мұның барлығы да сіздердің талмай еткен еңбектеріңіздің жемісі деп білемін.

Қазақ жерінің ұлан ғайыр даласындағы ең Ұлық мереке Тәуелсіздік күні құтты болсын!

**У.С.Әбдібеков**
**Университет ректоры, профессор**

## АҚПАРАТТАР АҒЫНЫ

ТҮРКСОЙ

# ТҮРКІСТАНДА ТОЙ ТОЙЛАНДЫ



**Жуырда Түркі әлемінің 2017 жылғы мәдени астанасы атанған Түркістан қаласында ТҮРКСОЙ халықаралық ұйымы тұрақты Кеңесінің 35-ші отырысы өтті. Түркі елдерінің басын біріктірген келелі жиынға ТҮРКСОЙ ұйымының Бас хатшысы Дүйсен Қасейінов, Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі Жансейіт Түймебаев, ҚР Мәдениет және спорт министрі Арыстанбек Мұхамедиұлы, Түркия Республикасының Мәдениет және туризм министрі Нуман Куртулмуш, Қырғыз Республикасының Мәдениет, ақпарат және туризм министрі Сұлтанбек Жұмағұлов және ТҮРКСОЙ ұйымына мүше елдердің мәдениет министрліктерінің өкілдері, мәдениет қайраткерлері мен түркі кеңесі, түркітілдес мемлекеттерінің парламенттік Ассамблеясы, халықаралық түркі академиясы, түркі мәдени мирас қоры секілді халықаралық ұйымдардың өкілдері қатысты.**

Кеңес отырысын жүргізіп отырған ҚР Мәдениет және спорт министрі Арыстанбек Мұхамедиұлы түбі бір түркі халықтарының бірлігі мен ынтымағы одан әрі нығая беретінін айтып, Түркістан түркі әлемінің астанасы аясында өткен шараларға атсалысқан барша түркі халқына алғыс айтты. Ал, Халықаралық түркі мәдениеті ұйымының Бас хатшысы Дүйсен Қасейінов Түркістанда жыл аясында өткен іс-шаралары жоғары деңгейде ұйымдастырып, өткізгені үшін облыс әкіміне алғысын білдірді. Басқосуда түркі елдерінің Мәдениет министрлері түбі бір бауырлардың мәдени-рухани байланысын нығайту жолында игілікті істердің көптеп өтуіне басымдық берілу қажеттігін көтеріп, рухани қалада өткен мәдени шаралар бойынша өз пікірлерін білдірді. Жиында сөз алған облыс әкімі Ж.Түймебаев : «Түркі халықтары жаһандану заманында алпауыт елдерге жұтылып кетпей, ұлттық кодын, өзіндік ерекшеліктерін, мәдениеті, руханияты мен мемлекеттілігін сақтап қалу үшін өзара ынтымақтастығын нығайтып, бірлігін бекемдей түсуі керек. Осыны ескерсек, «Түркістан – Түркі әлемінің мәдени астанасы» жылы Елбасының рухани жаңғыру жөніндегі бастамасымен үйлесіп, Мәңгілік Ел мұраттарымен үндесіп жатыр. Біз осынау маңызды шараны барынша жоғары деңгейде өткізуге бар күш-жігеріміз бен ынта-ықыласымызды салдық. Осы мәртебелі міндетті жоғары деңгейде атқару мақсатында ТҮРКСОЙ халықаралық ұйымы, Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі, Оңтүстік Қазақстан облысының әкімдігі тарапынан жоспарлы да жүйелі жұмыстар жүргізілді»,-деді. Бұдан бөлек, өңір басшысы Түркі әлемінің 2017 жылғы мәдени астанасы аясында Түркістан мен Шымкент қалаларында ұлы даланы дүбірге бөлеген, түркі тұтастығын тереңдете түсетін мәні мен мазмұны астасқан ауқымды 40-тан астам шара ұйымдастырылғанын атап өтті. Сондай-ақ, әкім 2020 жылы Шымкент қаласы ТМД елдерінің мәдени астанасы болып жарияланғанын айтып, барша түркі халқын аталмыш іс-шараның қадірлі қонағы болуға шақырды.

Халықаралық ұйымына мүше Мәдениет министрлерінің дәстүрлі кездесуінде ТҮРКСОЙ-дың өткен жылғы атқарған есебі тыңдалып, 2017 жылы Түркі халықтарының мәдени-рухани байланыстарын нығайту жолында атқарылған шаралар талқыланды. Сонымен бірге, ұйымның алдағы жылға арналған жоспары мақұлданды. Алқалы жиын нәтижесінде қатысушылар ТҮРКСОЙ тұрақты Кеңесінің XXXV отырысының Декларациясы мен жұмыс хаттамасын қабылдап, қол қойды. Сонымен қатар, Кеңес отырысына қатысушы түркі елдерінен келген қонақтар қолөнер орталығындағы «ТҮРКСОЙ» бейнелеу өнері көрмесін тамашалап, онда суретшілер кездесуінің жеңімпазына ТҮРКСОЙ арнайы сыйлығын тапсырды.

Жиын соңы «Түркістан – Түркі әлемінің мәдени астанасы» жылының жабылуына арналған гала-концертке ұласты. Қазақстан, Башқұртстан, Саха-Якутия, Тыва (РФ), Түркия, Өзбекстан, Әзірбайжан мемлекетінің әнші, бишілері ұлттық өнерін көрсетті. Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі Ж.Түймебаев құттықтау сөз айтып, ҚР Мәдениет және спорт министрі Арыстанбек Мұхамедиұлына, ТҮРКСОЙ ұйымының Бас хатшысы Д.Қасейіновке «Оңтүстік Қазақстан облысына сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісін табыстады. Сондай-ақ, университетіміздің Өкілетті Кеңес төрағасы, профессор М.Йылдызға, Түркістан қаласының әкімі Ә.Өсербаевқа, түркі тілдес мемлекеттерден келген өкілдерге бағалы сыйлықтар табыстады. Ал, ТҮРКСОЙ ұйымының Бас хатшысы Д.Қасейінов Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі Ж.Түймебаевқа «Түркістан – Түркі дүниесінің мәдени астанасы» сертификатын табыстады.

Түркі әлемінің 2018 жылғы мәдени астанасы атауына Түркияның Кастамону қаласы лайық деп танылды. Түркі әлемінің мәдени астанасы символы мен ТҮРКСОЙ ұйымының туы Кастамону қаласының губернаторы Яшар Караденизге табысталды.

Туыстас елдердің басын біріктірген келелі жиын Түркістан аспанын ән-мен жырға бөледі. Гала концерт соңы от шашумен аяқталды.

**ЯУ-ақпарат**

ЖАҢАЛЫҚ

# ТҮЛЕГІМІЗ БЕКАРЫС ШОЙБЕКОВ - 100 ЖАҢА ЕСІМНІҢ БІРІ

«Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасы аясында көпшіліктің онлайн дауыс беруі нәтижесінде спорт саласынан 13 жеңімпаз, ғылым саласынан 18 жеңімпаз, мәдениет саласынан 10 жеңімпаз, медицина саласынан 18 жеңімпаз, бизнес құрылымынан 13 жеңімпаз, қоғамнан 30 жеңімпаз анықталды.

Алғашқы 3 орында бизнес өкілі Қайрат Молдасейітов (28502 дауыс), қоғам өкілі Сембек Сейдазимов (26352 дауыс), бизнес өкілі Гарик Бернецян (24357 дауыс) иеленді. Оңтүстік Қазақстан облысынан жаңа есімге 6 адам іліксе (Қайрат Молдасейітов, Құралбай Орынбасар, Бекарыс Шойбеков, Әсел Далиева, Эдуарда Вельк, Сырым Ертаев), Түркістан қаласынан белгілі айтыскер ақын, қалалық білім бөлімінің басшысы Бекарыс Шойбеков 35-ші орынмен (11036 дауыс) 100 жаңа есімге лайық деп табылды. Жобаға 342 910 үміткер қатысса, оларға 3 апта аралығында 1 376 396 адам дауыс берген.

# ТҮРКСОЙ-ДЫҢ ТАНЫМАЛ ӘНДЕРІ МАРАПАТТАЛДЫ

**ТҮРКСОЙ кеңесінің шешімімен «Түркістан - түркі әлемінің мәдени астанасы» шарасында жыл бойы орындалған бірнеше әндер арасынан 3 ән үздік деп танылды. 3 әннің де иесі біздің әріптестер.**

ТҮРКСОЙ халықаралық ұйымының хатшысы Асқар Тұрғанбаев Қоғамдық ғылымдар және журналистика кафедрасының профессоры Бекжігіт Сердәліге «Түркістаным-Тұраным», Актерлік өнер кафедрасының доценті Сауранбек Елеуовке «Түркістан», Продюсерлік орталық басшысы Әлімбай Ботақараевқа «Наурыз» әндері үшін халықаралық сертификаттар мен бағалы сыйлықтар тапсырды.

# КЕЛЕЛІ КЕЗДЕСУ

**Елбасымыздың 2017 жылғы 12-сәуірде жарияланған «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласын түсіндіру мақсатында қоғамдық ғылымдар және журналистика кафедрасының оқытушысы, профессор, Сейдулла Садықов медицина факультетінің студенттеріне арнайы баяндамалар оқыды.**

Аталған мақаланың мәнін, маңызын, жан-жақты талдап түсіндірді. Кездесу барысында студент жастар өздерін толғандырып жүрген сұрақтарын қойып, тұщымды жауап алды. «Адам морфологиясы және физиологиясы» кафедрасының доценті, ХҚТУ профессоры Совет Ажаев, Медицина факультетінің тәрбие-ісі жөніндегі декан орынбасары Еркін Есалиев және тарих ғылымдарының кандидаты, доцент Рая Нұрланбекова жиынға қатысып, өз ойларымен бөлісті. Еліміздің латын әріпіне көшу мәселесі де осы жиын барысында қызу талқыланып, әр алуан пікір-таластар тудырды.

**Әділет ӘБСАТТАРҰЛЫ,**
**3-курс студенті**

# МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕ ОРНАЛАСУДЫҢ ЖОЛДАРЫ

**Таяуда оқу орнымызда Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша департаментінің ұйымдастыруымен кәсіптік білімі бар жастардың мемлекеттік қызметке қызығушылығын арттыру және оларды жұмыспен қамтамасыз ету мақсатында түсіндіру іс-шарасын өткізді.**

Жиын барысында мемлекеттік әкімшілік қызметке орналасудың реттілігі; Қазақстан Республикасының заңнамаларын білуге және жеке қасиеттерін бағалауға арналған тестілеуден өту, мемлекеттік орган жариялаған конкурсқа құжат тапсыру, конкурс комиссиясының оң қортындысын алған үміткер мемлекеттік қызметке орналасатыны жайлы сөз болды. Аталмыш департаменттің бас маманы Н.Алмас бітіруші 4-курс студенттерінің көкейіндегі сұрақтарына жауап берді. Мемлекеттік қызметке тест тапсыру үшін заңнамалар бойынша біліміңіздің деңгейін http: // memkyzmet.gov.kz/ сайты арқылы алдын ала сынап байқай аласыз. Мемлекеттік қызмет бойынша толық ақпараттар мен заңнамаларды ҚР Мемлекеттік қызмет істер және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің http: // kyzmet.gov.kz/ сайтынан білуге болады екен. Болашақта жұмысқа орналасуымыз үшін бізге септігі тиетін мәліметтер алдық.

**Сәуле БЕКТЕМБАЙ**
**4-курс студенті**

# ҒЫЛЫМ ЖОЛЫНА НӘР БЕРГЕН ҒҰЛАМА ҒАЛЫМ

**Ғылыми кітапханада Рахманқұл Бердібайдың 90 жылдық мерейтойына арналған әдеби мақала талдау кеші өтті. Рахманқұл Бердібай - көрнекті сыншы, әдебиетші, фольклоршы, түркітанушы, ҚР ҰҒА-ның академигі, филология ғылымының докторы, профессор, публицист-жазушы. Ғалымның өмірінен үлгі алып, шығармашылық танымдарын толықтырған студенттер «Ең үздік қаламгер» номинациясы бойынша мақала және қара өлең жарысына түсті.**

Қатысушылардың шынында да кітаптарды іздеп оқып, талайдан бері ой елегінен өткізіп, түсінгені анық байқалып тұрды. Сиясы кеппеген қара өлеңдер оқылды. Ұсынылған мақалалар ғылыми зерттеу жұмысқа, диссертациялық мақаласы мен ғылыми сұранып тұрғандары да бар. Филология факультетінің білімгерлерінің белсенділігімен өткен кеш әділқазы алқасының әділ бағасымен қорытындыланды. Мақала талдау бойынша 1 - орын Марат Қаниев, 2- орын Бибігүл Иванова, 3 - орын Жігер Нұрдәулет және Шәкіржан Естемеске берілді. Рахманқұл Бердібай рухына арналған қара өлең оқудан 1-орынды Жайдарман Аманбек, 2-орынды Арқалық Әмәлият иемденді. Ғылыми кітапхана директоры Меруерт Әбсеметова, филология ғылымдарының кандидаты, доцент Жанымгүл Камалқызы ыстық лебіздерін білдірді. Жеңімпаздарға 5 000 теңге қаржылай сыйлық, сондай-ақ әдебиет жанашыры Ж.Камалқызының «Рахманқұл Бердібай және қазақ романы» кітабы табысталды. Қатысушылар Ж.Камалқызынан қолтаңба алды.

**ЯУ-ақпарат**

## ҒАЛЫМДАР ЖЕҢІСІ

# БЕЛСЕНДІ ҒАЛЫМДАР БЕЛЕСІ

**Білім және ғылым министрлігі бақылау комитеті ұйымдастырған конкурс өз мәресіне жетті. Жыл бойы ғалымдардың соңғы 5 жылдық еңбектерін сарапқа салған конкурс биылғы жылдың ең үздік 75 ғалымын анықтады. Мемлекеттік ғылыми стипендияға ие болғандардың тізімінде біздің университет ғалымдары PhD доктор Қалдыбай Қайнар, Тұрғанбай Абдрасилов және Батырхан Турметов бар. Ғалымдарымызды шын жүректен құттықтаймыз.**

**Қайнар ҚАЛДЫБАЙ,** Әлеуметтік ғылымдар факультеті Қоғамдық ғылымдар және журналистика кафедрасының оқытушысы, қауымдастырылған профессор, доцент м. а., PhD доктор:



2016 жылы Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығы аясында, Н.Ә.Назарбаевтың қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірліктің қазақстандық үлгісіне арналған үздік ғылыми жобалар байқауының Өңірлік кезеңінде жоғары нәтиже көрсеткені үшін I-орын дипломымен марапатталды. 2016 жылы университеттің перспективті ғылыми жоспарын жүзеге асыру барысында халықаралық Түркия мемлекеті тарапынан қаржыландырылатын ғылыми жоба конкурсына «Қоғамда және тұлға бойында экстремизм мен радикализмге қарсы діни сананы қалыптастыру» атты жобаны ұсынып, грантты ұтып, ғылыми жоба бойынша жұмыстар атқаруда. 2016-2017 оқу жылының қорытынды көрсеткіштері: білім беру, ғылыми зерттеу, қоғамдық қызмет және тәрбие істері бойынша ең жоғары рейтинг нәтижелерін көрсетті. Елбасының "Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру"атты мақаласында: «Үш тілде білім беру» сияқты бағдарламалар – ұлтымызды, яғни барша қазақстандықтарды XXI ғасырдың талаптарына даярлаудың қамы» деп айтылғандай, осы жылы жаз айларында ағылшын тілін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, Абылай хан атындағы Қазақ Халықаралық Қатынастар және Әлем Тілдері университетінде «Педагогика мамандығының оқытушыларына шетел тілін оқыту» курсынан өтті. Стипендияға үміткердің соңғы бес жылда барлығы 56 ғылыми еңбегі жарық көрді: Scopus базасына енген рейтингісі жоғары журналдарға 6 (алты) мақаласы жарияланған, h-index: 1-ге тең, ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті тізіміндегі журналдарда 21 мақаласы жарық көрді, ұжымдық 1 монография авторы. Ресейлік «Молодой ученый» ғылыми журналының редакциялық құрамының мүшесі.

**Тұрғанбай АБДРАСИЛОВ** Гуманитарлық ғылымдар факультеті, дінтану кафедрасының оқытушысы, қауымдастырылған профессор, доцент м. а., PhD доктор:



Белсенді ғылыми-педагогикалық қызмет жүргізу арқылы өз жұмыстарын комитеттің тізбесіне енгізілген басылымдарға жариялаумен қатар, халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларға, конгресстерге қатысып отырады. 5 ғылыми мақаласы Scopus базасына енген рейтингісі жоғары журналдарға жарияланған, h-index: 1-ге тең. Ресейлік «Молодой ученый» ғылыми журналының редакциялық құрамының мүшесі. 2016 жылы Университеттің перспективті ғылыми жоспарын жүзеге асыру барысында халықаралық Түркия мемлекеті тарапынан қаржыландырылатын ғылыми жоба конкурсына «Қоғамда және тұлға бойында экстремизм мен радикализмге қарсы діни сананы қалыптастыру» атты жобаны ұсынып, грантты ұтып алды. Сол жоба бойынша да қазіргі таңда орасан жұмыс атқаруда. Жуырда Елбасымыздың рухани жаңғырумен байланысты жарық көрген мақаласында да гуманитарлық ғылымдардың сананы жаңғыртудағы маңызы ерекше көрсетілді. Біз жаңа заманға бейімделген санасы жаңғырған мамандарды өзге елдердің озық тәжірибелерін ұлттық кодымызды сақтай отырып, өзімізге бейімдеп меңгеру арқылы ғана дайындай аламыз. Тұрғанбай Абдрасилов «Болашақ» халықаралық стипендия иегері.

**Батырхан ТУРМЕТОВ,** Жаратылыстану факультеті, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор:



Батырхан Турметовтың негізгі ғылыми зерттеу жұмысы эллиптикалық теңдеулердің шеттік есептерінің теориялары-на және осы теңдеулер үшін классикалық және классикалық емес шеттік есептерді шешу мәселелеріне байланысты зерттеулер. Бұдан басқа соңғы уақыттарда ол жаңа бағытпен – бөлшек ретті интегро-диффреренциалдық теңдеулерін зерттеумен, бөлшектік ретті дифференциалдық теңдеулерінің шешімін құрудың әдістерін жасаумен белсенді шұғылданып жүр. Осыған ұқсас зерттеулер математикалық модельдеу кезінде көптеген механиканың физикалық есептерінде, жылу өткізгіштікте, электростатикалық, гидравликалық, кванттық физикада және фракталдық ортадағы процесстерде қолданыста. Ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелері рейтингісі жоғары ғылыми математикалық журналдарда, атап айтқанда Electronic Journal of Differential Equations (Техас, АҚШ), Differential Equations (Шпрингер баспаханасы,Германия), Siberian Mathematical Journal (Шпрингер баспаханасы,Германия), Mathematical Modelling of Natural Phenomena (Германия), Filomat(Сербия), сондай-ақ Functional Analysis in Interdisciplinary Applications FAIA 2017" Springer Proceedings in Mathematics & Statistics (Германия) баспасынан шыққан, Thomson Reuters дерекқорына кіретін кітаптарда жарияланған. Ол ҚР БҒМ гранттық қаржыландыру Комитетінің «Бөлшек ретті интегродиффреренциалдық операторлар және олардың шеттік есептерді шешу мәселелеріндегі қолданыстары» жобасының жетекшісі. 2017 жылы Б.Х.Турметовтың "Representation of the Green's function of the exterior Neumann problem for the Laplace operator // Siberian Mathematical Journal. – 2017. – V. 58, № 1, – C. 153 – 158 жұмысы ISI Web of Knowledge, Thomson Reuters базасындағы журналдарда жарияланған, импакт-факторлы және дәйексөз алудың ең жоғары индексі бар халықаралық журналдарда өзінің жұмыстарын жариялаған жарияланымдық және дәйексөздік белсенділіктің жоғары көрсеткіштері үшін «Ғылым көшбасшысы – 2017» наградасымен марапатталған. 2017 жылы ғылым мен техниканың дамуына елеулі үлкен үлес қосқаны үшін Б.Х.Турметов ҚР БҒМ ғалымдар мен мамандарға арналған ҚР мемлекеттік ғылыми стипендиясының лауреаты. 2016 жылдың қорытындысы бойынша "2016 жылғы рейтінгісі жоғары ғылыми басылымдарда жарияланған үздік мақалалары үшін" Қазақстан Математикалық қоғамының 2-дәрежелі дипломымен марапатталған.

**Дайындаған:**
**Гүлдана ҚАРАБЕКОВА**

# ЖЕЛТОҚСАН ЖАҢҒЫРЫҒЫ



Сексен алтыншы жылғы желтоқсан! Дәл сол күндері Алматы жастарының бұл бас көтеруін түсінгеннен түсінбегендер көп болғаны ақиқат еді. Желтоқсан алаңындағы дүбірдің жаңғырығы ұлан-байтақ Одақтың түкпір-түкпіріне жетеді, бес жылдан кейін алатын тәуелсіздігімізге жоралғы болады деп ойлап па едік? Албырт жастар түгілі көпті көрген аға ұрпақ өкілдерінің өзі абдырап қалған. Өйткені, біз мұндай оқиғаны күтпеген едік. Адамзат қоғамы дамуының заңдылықтарын білмегенбіз. Тарихи тұрғыдан алғанда, сөзсіз болатын, түн артынан күн келетіні сияқты, еркімізден тыс, табиғаттың өзі тудыратын құбылысты күткен жоқпыз. Басқаша айтып жүргендер болса, «сол кезде-ақ дұрыс бағасын бердік» дегендер болса, ондай сәуегейліктің шындыққа қанша жанасатынына күмәндімін.

Иә, кезінде «Алматыдағы желтоқсан оқиғалары» деп тар шеңберде ғана түсіндірмек болған билеуші үкіметтің жалған сөйлегенін біз білдік. Тарихи маңызы қаншалықты екенін жете түсінбесек те, сол күндерде тек Алматы ғана емес, Қазақстанның барлық аймақтарында дерлік көлемі мен қуаты әртүрлі наразылықтар болғанын қалың жұрт кейін ғана білді. Білдік те, әлемге қамшы үйірген кеңестік империяның билеушілері неге ғана құты қашып, қорыққанын түсіндік. Жылдар өткен соң сол түсінігіміз кеңейіп келеді. Сол бір ызғарлы желтоқсан күндерінде Алматыда қандай оқиғалар болғанын өзіміз көрдік.

…1986 жылдың 16-желтоқсанында мемлекеттік іс-тәжірибені аяқтап Балқаштан - Алматыға самолетпен ұшып келдік. Әуе жайда күтіп алған достарымыз бүгін алаңда жаңа жылға қарсы Қ.Байбосынов, Р.Рымбаевалар концерт береді деген соң, бірден алаңға жол тарттық. Алаңға келсек трибунада кезек-кезек жастар шығып сөз сөйлеп қол шапалақтап ұрандатып жатыр. Біздің ойымызда түк жоқ екі айдан бері Алматыны сағынып қалғандықтан болар. Төңіректі аралап біраз жүрдік. Сағат шамамен төрттердің кезінде тауыққа бидай шашқандай жастар қаумалап алаң ығы-жығы кейіпке енді. Кешкі салқын, ызғар біліне бастағанда, концерттің митингіге ұласқанын байқадық.

Кенет милиция: Тараңдар! Тараңдар, әйтпесе, күш қолданамыз. Сойылмен соғу, айқайшу, итермелеген жастар жан-жаққа қаша бастады. Милиция жаралы қыздар мен жігіттерді біртіндеп сүйреп, жұлқылап әкете бастады. Жастар жұлқынып, халыққа қарап ышқына сөйледі. - Әй туғандар! Жігіт болсаңдар шығыңдар бері қарай! Қосылыңдар біздің қатарға. Осы кезде қарулы милиционер жігіттердің көк желкесінен шоқпармен ұрып қалды. Жігіт сылқ етіп есінен танып қалады. Мұндайды көрмеген басымыз кері қайтуға ыңғайласақ, Жастар легімен қайта алаң ортасына келгенімізді байқамадық.

Қас қағым сәтте, АҚШ-тың киноларында көретін адам қаны ақ қардың, мұздың бетіне қызылдан өрнек сала бастады. Мұндайды өмірімізде көрмеген едік. Биік қабатты үйлердің балкондарынан ыстық су құйылған шелек, шәйнектер төбемізге құлай бастады. Көпшілікті қаумалаған солдаттар барлығымызды бір жер төлеге алып келгенде, қазақтың қара домалақ бір жігіті қыздар сендерге не жоқ қайтыңдар мына жерден деп жол сілтеді. Не болғанын түсінген де жоқпыз нағыз концерттің ортасынан жатақханаға құстай ұшып келсек, есік ілулі тұр. Әскери тәртіп орнап,институттың басшылығы бәрі осында екен.

Сол бір ерте түскен қыс тоқырау жанжалының табанында аяусыз, армансыз тапталған ар-намыстың ышқынған дауысы құлағымызда әлі шыңылдап тұрғандай.

ИӘ, желтоқсан оқиғасының жаңғырығы жүздеген жылдарға кететініне, ешқандай күмән жоқ. 1991 жылы ақ түйенің қарны жарылып, шаттыққа бөлендік. Желтоқсанның ызғары - ай дірілдеткен, еске алам мен кешегі қыршындарды.

Ал, міне, Тәуелсіздік алғанымызға 26 жыл толуымен тұспа-тұс Желтоқсан оқиғасының да 31 жылдығы келіп қалыпты. Бұл екеуін бір-бірінен бөлек қарастыру мүмкін болмас, сірә. Себебі, біз Тәуелсіздікке, Азаттыққа, Бостандыққа аңсап, зарығып, қаншама қанымызды төгіп, жанымызды шүберекке түйіп жеткен халықпыз. Ата-бабаларымыз азат күнді тек армандап қана ғұмыр кешкен жоқ, сол жолды жолбарыстай жұлқысып, арыстандай арпалысып күресіп өтті. Ұрпағынан ұрпағына қалар аманат арқалатты. Аманаты – ата-бабаның қаны сіңген қасиетті топырақты, ұлан-ғайыр кең өлкемізді, қазақ жерін қорғау, сақтау. Аманаты – ана тілімізді таза ұстау, ана сүтіндей кие тұту, дінімізді жоғалтпау. Осыған лайық ұрпақ өсіре алған халықпыз.

Оған дәлел – ең берісі, 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы. Азаттық жолындағы, ұлттық тәуелсіздік жолындағы күрестердің ең бір түйінді тұсы, буырқанған жас күштердің жарға соққан, асау толқыны.

Сіздерді тағы да тәуелсіздігіміздің торқалы тойымен құттықтай отырып, мемлекетімізге жарқын болашақ, ұрпағымызға саулық тілеймін.

**М. Жаздықбаева,**
**педагогика ғылымдарының кандидаты,**
**доцент**

## ТӘУЕЛСІЗДІК

# ЕГЕМЕН ЕЛІМІЗДІҢ ЕҢСЕСІ БИІК БОЛСЫН!

**Түркияның жоғары оқу орындарында оқып, білім арттырып келетін жастардың саны жыл өткен сайын арта түсуде. Көптеген түлектеріміз магистратура және докторантура бағдарламалары бойынша оқуларын табысты аяқтап, қазіргі таңда университеттің 9 факультетінде оқытушылық қызметтерін атқарып жүр.**



**Айдарбек ӘМІРБЕК, Әлеуметтік ғылымдар факультетінің PhD докторы:**

«Қазақ елінің Тәуелсіздік күні барша қазақ жұртына құтты болсын! Бұл — мемлекетіміз бен халқымыз үшін ең басты әрі ең құнды мереке. Ұлт Лидері, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев өзінің бір сөзінде:«Байлығымыз да, бақытымыз да болған Тәуелсіздігімізді көзіміздің қарашығындай сақтай білуіміз керек», - деген болатын. Біздер жаңа ғасыр, жаңа мыңжылдықтың жас ұрпағы ретінде Елбасымыздың бұл сөзін әрқашан жадымызда ұстауға әрі сүйікті Отанымыз – Қазақстанның гүлденуі үшін қажырлы еңбек етуге тиіспіз. Бостандық пен еркіндіктің бастауы болып табылатын осы салтанатты күні барша қазақ жұртына зор денсаулық, шаңырақтарына шаттық, берекелі бірлік пен баянды тірлік тілеймін! Әрқайсымыздың қажырлы еңбегіңізбен сүйікті Отанымыз – Қазақстан гүлдене көркейіп, нығая берсін! Тәуелсіз Қазақстанымыз Мәңгілік Елге айналсын!».

**Ержан КЕРІМБЕКОВ, Инженерия факультетінің PhD докторы:**

«Тұғыры биік Тәуелсіз Қазақстанның төл мерекесі – Тәуелсіздік мейрамы құтты болсын. Жері байтақ, көңілі кең, тамыры мен тарихы терең ұлы қазақ халқының асыға күткен арайлы күні осыдан 26 жыл бұрын келіп қуантқан еді. Қуанышымыз жастығына қарамастан сенімді әрі нық қадамдармен қарқынды дамып келе жатқан Тәуелсіз Қазақстанды көргенде еселей артуда. Тәуелсіздік жылдарында Елімізді жақсылыққа және жарыққа жетелеген Елбасымыз және елағаларына әрқашан да қолдау көрсеткен әзиз халқымызға алғысымыз шексіз. Мәңгілік Ел болуды межелеген Тәуелсіз Қазақстанның азаттығы мен егемендігі мәңгілік болғай!».

**Дінмұхаммед КЕЛЕСБАЕВ, Әлеуметтік ғылымдар факультетінің Оқу ісі жөніндегі декан орынбасары, PhD докторы:**

«Еліміз үшін ең маңызды ұлы мереке Тәуелсіздік күні құтты болсын! Әрбір атқан Тәуелсіздік таңдары әрқашан арайлы, ашық болсын! Еліміздің Тәуелсіздігімен құрдас университетіміз де Түрік әлемі жастарының білім ордасы ретінде өркендеп өсе берсін! Осы орайда Ясауи университетінің түлегі ретінде "Ясауилы болу абырой" дегім келеді. Барлық жастарды абыройлы болуға шақырамын».

**Нұржан АБИШОВ, Әлеуметтік ғылымдар факультетінің "Менеджмент және туризм" кафедрасының меңгерушісі, PhD докторы:**

«Құрметті әріптестер, университет ұжымы. Қадірменді газет оқырмандары! Келе жатқан Тәуелсіздік күні және Жаңа Жыл мерекелеріңіз құтты болсын. Адамзат тарихындағы құндылық бұл – Егемендік. Тәуелсіздік тұғыры биік болғай! Әлем бізді таныды. Біз енді әлем ғажаптарына емес, әлем біздің ғаламаттарымызға сүйсінетін дәрежеге жеттік. Аллаға мың шүкір! Енді біз жас ғалымдардың атқаратын жауапты, әрі атадан қалған аманат істері күрделене түспек. Сол аманатты келесі ұрпаққа ұлы істермен тапсыра берейік. Мерекелер тағы да құтты болсын!».

**Ерлан АЛАШБАЕВ, Филология факультетінің Ғылым және халықаралық қатынастар ісі жөніндегі декан орынбасары, PhD докторы:**

«Ата-бабаларымыздың ғасырлар бойы аңсап өткен тәуелсіз ел болу мәртебесін көру, бүгінгі буынға бұйырған мол қуаныш. Осы қуанышымыз баянды әрі тұғырлы болсын! Көк байрағымыз ашық аспанымызда мәңгі желбіресін! Бостандық пен еркіндіктің бастауы болып табылатын осы салтанатты күн «16-Желтоқсан – Тәуелсіздік Мерекесімен» барлық Ясауи ұжымын құттықтаймын! Сонымен қатар, Тәуелсіз елдің алғашқы қадамдарының бірі, Түркі әлеміне құшағын айқара ашқан оқу ордамыз жарқын болашаққа жете беруіне тілектеспін! Жасасын, Қазақ елі!».

**Ақтолқын АБУБАКИРОВА, Әлеуметтік ғылымдар факультетінің Ғылыми істер жөніндегі декан орынбасары, PhD докторы:**

«Қымбатты, әріптестер! Тәуелсіздік күні құтты болсын! Еліміздің ең ұлы, ең маңызды мерекесі бұл – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні. Халқымызға ғасырлар бойғы арман болған тәуелсіздік, егемендік ұстанымдарын биікке көтеретін бұл күн – біздің Отанымыздың әрбір азаматы үшін қастерлі мереке. Бізге маңызды болып саналатын Тәуелсіздік күні, кең байтақ даламыз ата-бабаларымыздан қалған мұра және бізден кейін келе жатқан ұрпаққа аман-есен, төрт жағы түгел болып берілетін аманат. Ата-бабаларымыздың қанымен жеткен Тәуелсіздігімізді қорғап, құрметтей білейік. Болашақ қазақ елінің жастарына қазақ жерінің тұтастығымен қатар, мәдениетін, тілін, салт-дәстүрін тұтастай жеткізейік. Осындай маңызы бар тарихи думанда еліміздің туы асқақтап, келешегі көркейе берсін. Сіздерге мықты денсаулық, отбасыларыңызға бақыт, сәтті күндер, зор жетістіктер тілеймін. Еңбектеріңіз жемісті болсын. Әрқайсыңыздың қажырлы еңбегіңіз бен сүйікті Отанымыз – Қазақстан және Ахмет Ясауи университеті гүлденіп, көркейіп, нығая берсін! Ахмет Ясауи университетінде білім алып, оқу орда түлегі болғанымды мақтан тұтамын».

**Абдужамиль ЖАНТАЕВ, Инженерия факультетінің магистр оқытушысы:**

«Құрметті университет ұжымы, студенттер! Сіздерді Тәуелсіздік күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз. Бұл күн – ата-бабамыз аңсаған арманның жүзеге асқан, елімізге еркіндік сыйлаған Ұлы күн. Осындай маңызы бар тарихи думанда еліміздің туы асқақтап, келешегі көркейе берсін. Сіздерге мықты денсаулық, отбасыларыңызға бақыт, сәтті күндер, зор жетістіктер тілеймін».

**Боранбек БАЙМҰРЗАЕВ, Инженерия факультетінің магистр оқытушысы:** «Құрметті Отандастар! Сіздерді Республикамыздың әрбір азаматы үшін қадірлі болған 16 Желтоқсан Тәуелсіздік күнімен шын жүректен құттықтаймын! Бұл күн – еліміздің жалынды жастары алаңға шығып, бодандық құрсауын талқандап елімізге еркіндік сыйлаған күн. Бүгінгі Қазақстан осы секілді алмағайып өтпелі кезеңдердің барлық қиындықтарын бағындырып, қазіргі таңда әлемдік сахнада өз орнын тауып отыр. Ұлы дала елінің абыройы асқақ, мәртебесі биік болсын деген ыстық ықыласымды жеткіземін».

**Дайындаған:**
**Еркебұлан ЗЕЙНУЛЛАҰЛЫ,**
**Кәсіби бағдар бөлімінің**
**жетекші маманы.**

# ФАКУЛЬТЕТ ТЫНЫСЫ

Әлеуметтік ғылымдар және Гуманитарлық ғылымдар факультетінің ұйымдастыруымен Қазан төңкерісінің 100 жылдығы тақырыбында дөңгелек үстел болды. Жиынға Түркия Республикасынан келген профессор Чингиз Томар, Гуманитарлық ғылымдар факультетінің профессорлары Досай Кенжетай, Хазіретәлі Тұрсын және факультетіміздің PhD,аға оқытушысы Жантөре Жетібаев, Халықаралық қатынастар кафедрасының аға оқытушысы Жұман Талиб , Рашид Тажибаев тағы да басқа оқытушыларымыз Қазан төңкерісі туралы өз ойларын ортаға салды. Дөңгелек үстелге Ғылым және инновация департаментінің директоры А.Балтабаева және факультеттің оқытушы-профессорлары мен студенттері қатысып қызу тартысты ойларымен бөлісті.

***

Әлеуметтік ғылымдар факультеті Менеджмент және туризм кафедрасы ЭЭМ-511, ЭМБ-511 тобы эдвайзерлері Б.Дандаева мен А.Алимбаеваның жетекшілігімен «Болашаққа бағдар - Рухани жаңғыру» Елбасының бағдарламалық мақаласының «Білімнің салтанат құруы» бөліміне түсіндірме жұмыстары жасалды. Талдау жиынына факультет деканы Мехмет Топлу, декан орынбасары С.Мұханов, кафедра меңгерушісі Н.Абишев және факультет оқытушы-профессорлары қатысты. С.Абдурасилова, Г.Еділқызы, Б.Салходжай тағы да басқа студенттер бүгінгі күнгі жаңа технологияларды қолдану, латын қарпіне көшу ,ұлттық сана туралы баяндады.Соңында факультет деканы қатысушыларға алғысын айтты.

**С.Мұханов,**
**Әлеуметтік ғылымдар**
**факультетінің декан**
**орынбасары**

## Türk Dünyasinin En Eski Zeka Oyunu Dokuz Kumalak

“Kazakistan Cumhuriyeti Cumhurbaşkanı Nursultan Nazarbayev Ödüleri” bünyesinde 26 Kasım ve 2 Aralık tarihleri arasında Satpaev şehrinde “Uluslararası Dokuz Kumalak Turnuvası” düzenlendi. Bu turnuvaya Rusya, Türkiye, Türkmenistan, Afganistan, Moğolistan, Kırgızistan sporcuları ile Kazakistan'ın birçok eyaletinden sporcular katıldı.

Turnova açılış töreninde Satpaev şehrinin vali yardımcısı Aygül Tölendina, şehir milletvekili Tatyana Hmilyarçuk ve Dokuz Kumalak milli antrenörü Dastan Kapayev'in aşılış konuşmalarından sonra yarışma başlandı.

Turnovaya katılan sporcular arasında dokuz kumalak yarışlarından 1 şampiyon, 10 uluslararası deneyimli sporcu, 22 spor uzmanı, 21 spor uzmanına aday toplam 57 sporcu katıldı.

Dört Bin Yıllık Türk Zeka ve Strateji Oyunu Türk halklarının dünyada en eski ve önemli kültürlerine sahip olan Uluslararası Dokuz Kumalak Turnovasına Ahmet Yesevi Uluslararası Türk-Kazak Üniversitesini temsilen grup başkanı ve antrenörü Kasımhan Davrenkulov eşliğinde Mekserne Şahin (Türkiye), Svetlana İvanova (Rusya), Gülalek Yakubova (Türkmanistan) ve Sayed Mursalin Dimral (Afganistan) isimli sporcular katıldı.Bir hafta süren yarışmada bay ve bayan olarak iki kategoride yarışma şampiyonları belli oldu. Erkekler kategorisinde birinciliği Galımjan Temirbayev (Astana), ikinci Janat Kaymuldin (Povladar), üçüncü Ablayhan Bauırjan (Güney Kazakistan) alırken, kızlar kategorisinde birinciliği Karimova Lina (Güney Kazakistan), ikinci Saltanat Saparbekova (Güney Kazakistan), üçüncü Roza Raimbekova (Povladar) sporcular kendi aralarında paylaştılar.

Turnuva ödülü olark üçüncü olana 200,000 tenge ikinci olana 300,000 tenge birinci olana ise 500,000 tenge verilerek ödüllendirildi.Turnuva kapanış töreninde üniversitemizin öğrencisi Sayed Mursalin Dimral sahneye çıkıp Kazakça şiir okumasıyla büyük alkış topladı.

Yerel basına demeç veren gazetecilik bölümü öğrencisi Mekserne Şahin: “Bizler burada sadece oyun oynamadık aynı zamanda da çok eylendik ve bunun yanı sıra dünyanın farklı ülkelerinden sporcularla yeni arkadaşlıklar yeni dostluklar kurduk. Sanırım 9 kumalak'ın en güzel yanlarından biriside bu olsa gerek…” şeklinde açıklama yaptı. Turnova sonu düzenlenen konserle son buldu.

:

**Mekserne Şahin,**
**Gazetecilik Bölüm öğrencisi**

# ӘЛЕУМЕТ



## СТУДЕНТТЕР БІЛІМІ САРАЛАНДЫ

Университетте студенттердің кезекті XXVI ғылыми-теориялық конференциясы өтті. Ғылым мен білімнің жаршысы болып жүрген университет ғылым бөлімі мен факультеттердің білім деңгейін саралаған конференция жұмысы аяқталды.Секциялық мәжілістер 20-қараша мен 5-желтоқсан аралығында факультеттерде өткізілді. Барлық мамандықтың білімгерлері 26 секция бойынша баяндамалар оқыды. Секциялар бойынша үздік деп танылған баяндамалар салтанатты мәжіліске ұсынылды. I-орынға 26, II орынға 50, III орынға 76 студенттің жұмысы лайық деп танылды. Секциялар бойынша баяндамалар салтанатты мәжілісте марапатталды.

I вице-президент, профессор М.Куталмыш, Ғылым және инновациялық істер жөніндегі проректор, профессор Т.Раимбердиев 2016-2017 оқу жылындағы Студенттердің XXV ғылыми-теориялық конференциясы ғылыми жұмыстарының нәтижесі бойынша Республикалық сатыда жүлделі болған 17 студентке ҚР Білім және ғылым министрінің Алғыс хатын табыстады. Басшылар ғылым жолын қуалаған білімгерлерді жүлделі орындарымен құттықтап, университет ректоры У.Әбдібековтің бұйрығымен қаржылай марапатталғандарын айтып қуантты.

Ұйымдастыру және тәрбие істері жөніндегі проректор, профессор Б.Мухамеджанов, Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры Е.Төлегенов I орын жүлдегерлерін марапаттады.

**ЯУ-ақпарат**

## Факультет өнерпаздарының концерті

Университетімізде Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне орай Филология факультетінің ұйымдастыруымен «Көп мәдениетті Қазақстан» атты концерт өтті. Мерекелік концерттің ашылу салтанаты факультет деканы Н.Айтбаеваның мерекелік құттықтау сөзінен бастау алды. Тәуелсіз елдің ұландары – студент жастар ағылшын, француз, италиян, қытай әндерін әуелете шырқады. Скрипка аспабының сүйемелдеуімен орындалған қазақ, түрік, ағылшын тіліндегі қара өлеңдер құлақ құрышын қандырды. Өзге ұлт өкілдерінің басымдығымен белгілі, ағылшын, түрік, қытай, араб, қазақ, орыс тілі мамандарын даярлаушы факультеттің өнерпаздары концерттік бағдарламаға өзгеше өң берген. Ғажайып кеш көрермендерге керемет көңіл-күй сыйлады.

## ЯСАУИ ЖОЛЫ - БІЛІМ ӘЛЕМІНІҢ ҚАЙНАР КӨЗІ

Қожа Ахмет Ясауи бабамыз тек қана қазақтың емес, тұтас түркінің ілімдары екенін уақыттың өзі айшықтап келе жатыр.

